



Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасында туризмді дамытудың 2001-2005 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 7 желтоқсан N 1591

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасында туризмді дамытудың 2001-2005 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Президентінің
Жарлығы

Қазақстан Республикасында туризмді дамытудың
2001-2005 жылдарға арналған мемлекеттік
бағдарламасы туралы

Қазақстан Республикасы К951000_ Конституциясының 44-бабының 8) тармақшасына және "Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 13 маусымдағы N 211-II Z010211_ ҚРЗ Заңына сәйкес қаулы етемін:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында туризмді дамытудың 2001-2005 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі - Мемлекеттік бағдарлама) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) бір ай мерзімде Мемлекеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар Жоспарын әзірлесін және бекітсін;

2) жыл сайын Мемлекеттік бағдарламаны іске асыру үшін қажетті бюджет қаржысының бөлінуін көздерін.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының

Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың басшылары, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері Мемлекеттік бағдарламаның орындалуын қамтамасыз етсін.

4. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

5. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Астана, 2001 жылғы "___" _____
N _____

Қазақстан Республикасы Президентінің
2001 жылғы "___" _____
N ___ Жарлығымен
бекітілген

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ТУРИЗМДІ ДАМУДЫҢ 2001-2005 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫ

Паспорты

Атауы Қазақстан Республикасында туризмді
дамытудың 2001-2005 жылдарға арналған
мемлекеттік бағдарламасы

Әзірлеу үшін негіздеме "Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 13 маусымдағы N 211-II ҚРЗ Заңы, "Қазақстан Республикасында туризмді дамытудың тұжырымдамасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 6 наурыздағы N 333 қаулысы, "Туристік саланы дамытудың бірінші

кезектегі шаралары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 29 желтоқсандағы N 1947 қаулысы, "Қазақстанның туристік беделін қалыптастыру жөніндегі 2000-2003 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 26 қазандағы N 1604 қаулысы.

Негізгі әзірлеуші Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі

Қысқаша мазмұны Қазақстан Республикасында туризмді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы Қазақстан Республикасына келу туризмін және ішкі туризмді дамыту стратегиясын қалыптастыру және республикалық пен аймақтық деңгейлерде салалық дамытуды жоспарлау саясатын үйлестіру арқылы басқарудың оңтайлы деңгейін қамтамасыз ету мақсатында әзірленген.

Мемлекеттік бағдарламада экономиканың басым секторы ретінде саланы тұрақты дамытуды қамтамасыз етудің түйінді міндеттері, туристік саланы дамытуға мемлекеттің қатысу деңгейі, мемлекеттік реттеу мен мемлекеттік қолдау нысандары, сондай-ақ оны іске асыру жөніндегі экономикалық, әлеуметтік, ғылыми және техникалық шаралары айқындалған.

Мемлекеттік бағдарламада Қазақстан Республикасындағы туризмнің материалдық-техникалық базасын дамытуға инвестицияларды тарту үшін жағдайлар айқындалды.

Мемлекеттік бағдарламаның басты мақсаты - қазақстандық және шетелдік азаматтарға әртүрлі туристік қызмет көрсетулердің қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін кең мүмкіндіктермен қамтамасыз ететін қазіргі заманғы тиімділігі жоғары және бәсекеге

кабілетті туристік кешенді құру, саланы дамытудың экономикалық және құқықтық тетігін әзірлеу әрі Қазақстанның ұлттық туристік өнімнің сапасын қамтамасыз ету жөнінде мемлекеттік деңгейдегі шараларды іске асыру.

Бағдарламаны қаржыландыру Бағдарламаны республикалық бюджеттің, жергілікті бюджеттердің және басқа да балама көздердің қаражаты есебінен қаржыландыру көзделеді.

Күтілетін нәтижелер Экономикалық басымдықтар

- ел экономикасына шетел валютасының тұрақты түсімі;
- елдің төлем теңгерімінің және жиынтық экспорттық көрсеткіштерінің жақсаруы;
- экономиканың сабақтас секторларының дамуы;
- шетелдік инвестициялардың тартылуы.

Экономикалық қауіпсіздіктің мүдделері

- мүдделі әлуеттік органдар мен статистика органдарының іс-қимылын реттеу мен үйлестіруді қамтамасыз ету;
- келуші және шығушы туристер жөнінде мемлекеттік дерек қорды біріздендіру.

Әлеуметтік басымдықтар

- халықтың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету;
- Қазақстан азаматтарының демалуға құқықтарын қамтамасыз ету;
- қоршаған ортаны, тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау жөніндегі шараларды қамтамасыз ету.

Кіріспе

Қазақстан Республикасында туризмді дамытудың 2001-2005 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі - Мемлекеттік бағдарлама) "Қазақстан

Республикасындағы туристік қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 13 маусымдағы N 211-II Z010211_ Заңына сәйкес әзірленді.

Мемлекеттік бағдарлама экономиканың басым секторы ретінде саланың тұрақты дамуын қамтамасыз етудің негізгі проблемаларын қамтиды.

1996 жылғы 21 қазандағы Түркі тілдес мемлекеттер басшыларының Ташкент декларациясының міндеттемелерін орындау шеңберінде Қазақстан Республикасы Президентінің "Түркі тілдес мемлекеттер басшыларының Ташкент декларациясын, Ұлы Жібек жолының Қазақстан Республикасындағы туристік инфрақұрылымын дамыту жөніндегі ЮНЕСКО және Дүниежүзілік Туристік ұйымның жобасын іске асыру туралы" 1997 жылғы 30 сәуірдегі N 3476 U973476_ Жарлығына, "Жібек жолының тарихи орталықтарын қайта өркендету, түркі тілдес мемлекеттердің мәдени мұрасын сақтау мен сабақтастыра дамыту, туризм инфрақұрылымын жасау" мемлекеттік бағдарламасы туралы" 1998 жылғы 27 ақпандағы N 3859 U983859_ Жарлығына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Түркі тілдес мемлекеттер басшыларының Ташкент декларациясын, Ұлы Жібек жолының Қазақстан Республикасындағы туристік инфрақұрылымын дамыту жөніндегі ЮНЕСКО және Дүниежүзілік Туристік ұйымның жобасын іске асыру туралы" 1997 жылғы 7 шілдедегі N 1067 P971067_ және "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 7 шілдедегі N 1067 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" 1997 жылғы 5 тамыздағы N 1217 P971217_ тиісті қаулыларына қол қойылды.

Туристік инфрақұрылымды дамыту және қазақстандық туристік өнімді әлем рыногына шығару мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің бірқатар мынадай: "Қазақстанның туристік беделін қалыптастыру жөніндегі 2000-2003 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" 2000 жылғы 26 қазандағы N 1604 P001604_ , "Туризм жөніндегі үйлестіру кеңесін құру туралы" 2000 жылғы 30 қазандағы N 1631 P001631_ , "Алматы қаласында жыл сайынғы "Жібек жолы - Қазақстан" халықаралық фестивалін ұйымдастыру туралы" 2000 жылғы 27 қарашадағы N 1763 P001763_ , "Туристік саланы дамытудың бірінші кезектегі шаралары туралы" 2000 жылғы 29 желтоқсандағы N 1947 P001947_ қаулылары қабылданды.

Қазақстан Республикасында туризмді дамытудың тұжырымдамасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 6 наурыздағы N 333 P010333_ қаулысымен бекітілді.

Осыған қарамастан, ағымдағы сәтте республикада туристік индустрияны дамытудың көптеген шешілмеген проблемалары бар. Саланың халықаралық практикаға сәйкес қалыптасуына кедергі жасайтын бірқатар факторлар орын алып отыр. Бұл, ең алдымен, туристік индустрияның өзінде де, онымен сабақтас салаларда да жол берілмеуі тиіс әлсіз менеджмент, сондай-ақ туристік инфрақұрылымдағы қолда бар объектілердің негізгі қорларының тозуы.

Қазақстан Республикасының бірегей табиғи және мәдени әлеуетіне, жер бедерінің

және табиғатының әркелкілігіне негізделген кез келген сұранымды қанағаттандыруға қабілетті қазіргі туристік индустрия серпінді дамып келе жатқан әрі салынған капиталдың қайтарымы бойынша неғұрлым тиімділерінің бірі ретінде туристік саланың әлемдік-шаруашылық байланыстар жүйесіне икемді ықпалдасуының табиғи жүйе құраушы факторы болып табылады. Туризммен сабақтас салаларды (көліктік-коммуникациялық инфрақұрылым, сервис, құрылыс, сақтандыру және т.б.) дамытуға және инвестициялық белсенділікті ынталандыруға негізделген қазақстандық туристік өнімнің кешенді түрде іске асырылуы ел мен халықтың жұмыспен қамтылуының және табысының тұрақты өсуін қамтамасыз етеді.

Әлемдік туристік рыноктың дәстүрлі аудандарының рекреациялық сыйымдылығының шегіне жетуі және туристер келетін аумақтардың тізімін жаңалау мен кеңейту қажеттілігі Қазақстанның әлемдік туристік рынокта лайықты орын алуына
н а қ т ы м ү м к і н д і к т у ғ ы з а д ы .

Елдің ұлттық, ішкі және экономикалық қауіпсіздігі, Қазақстанда шетел туристерінің болуы кезіндегі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі мәселелердегі туризмнің маңызы туралы мәселе күні бүгінге дейін пысықталған емес.

Қаржыландырудың болмауы салдарынан мемлекеттік статистика органдарында туризм дербес сала ретінде жеке көрсетілмеді. Алайда, Дүниежүзілік Туристік Ұйымның ұсынымдарына сәйкес көрсеткіштерді есепке алуды жетілдіру жөніндегі жұмыс тұрақты негізде жүргізілді. Осы мақсатта жыл сайын статистикалық есеп нысандары қайта қаралуда және тексерудің жаңа бланкілері енгізілуде. Туризмнің өнімі қызмет көрсетудің және өнімдердің кең жиынтығын тұтыну процесінде құралатын, қызметтің салааралық түрінің мысалына айналуы үшін қосымша шоттарды енгізу
қ а ж е т .

Туристік индустрияны дамытудың аса маңызды мәселелерінің бірі қаржыландыру болып табылады. Сондықтан, мемлекеттік және жеке менеджменттің тиісті деңгейін қалыптастыру: биліктің орталық және аумақтық деңгейлеріндегі іс-қимылды жіті үйлестіруді қамтамасыз ету, жеке бастамалардың дамуына жәрдемдесу, саланың ақпараттық кеңістігін қалыптастыру, қазақстандық туристік өнімді сыртқы және ішкі рынокқа жылжытудың тиімді жүйесін әзірлеу, инвестициялау мен салық салу мәселелері жөнінде қажетті нормативтік құқықтық актілерді қабылдау, Қазақстанға шетел туристерінің келу рәсімдерін оңайлату қажеттілігі бар.

Қазақстанда туризмді дамытудың маңызды аспектісі - әлеуметтік туризмді дамыту, оның ішінде қазақстандықтардың демалуға құқықтарын іске асырудың негізгі және әлеуметтік қызмет көрсетулердің рыногын дамытудың басты факторларының бірі болып табылатын балалар туризмін дамыту болып табылады.

Мемлекеттік бағдарламадағы неғұрлым зор рөл үйлестірілген тетіктің - Қазақстан Республикасында туризмді дамытудың 2001-2005 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының негізінде мемлекеттік, мемлекетаралық және жеке деңгейлерде

туристік салада даму және жоспарлау саясатын үйлестіруге, Қазақстан Республикасында туризмді мемлекеттік басқару мен дамытуды қолдаудың нысандарын қамтамасыз етуге беріледі.

1. Қазақстандағы туристік саланың қазіргі жай-күйі

Туристік рыноктың статистикасына жасалған талдау Қазақстанда туризмнің нашар дамығанын көрсетуде. Бұл туралы резиденттердің және резидент емес туристердің қозғалысының жалпы санындағы туризмнің төмен үлесі айғақтайды (3%). Жалпы алғанда, 1996-2000 жылдары ұлттық туризм көлемінің 3 есе төмендегені байқалады. 2000 жылы ұлттық туризмнің көлемі, тұтас алғанда да, оның жеке бағыттарында да (1999 жылмен салыстырғанда 36 %-ке) күрт төмендеді.

Оның үстіне, туристер ағынының жалпы көлеміндегі, Қазақстаннан сыртқа шығушы туристердің саны басым болып келуі ішкі туризмнің ықтимал түсімінің сыртқа кетуін білдіреді (1-қосымша).

Республикаға келуші резидент емес туристер саны мардымсыз болуының негізгі себептері қызмет көрсетудің бағасы жоғары болып келуінен (тұрақсыз салық режимінің салдары) туристік қызмет көрсетулерге сұранымның төмендігі, Қазақстанның беделін қалыптастыру саясаты тиімділігінің төмен болуы, жергілікті жерлерде қажетті сервис пен коммуникация құралдарының жоқтығы (Қазақстан ішіндегі көлік желілерінің дамымауы белгіленген жерге жедел әрі жайлы жетуді қиындатады) болып табылады.

Туризмнің жалпы көлемінің төмендеуі, сондай-ақ 1996-2000 жылдары сыртқа шығу туризмі көлемінің 6 есе кемуі есебінен жүрді. Көбінесе, бұл төмендеу шоп-туристер санатына жататын резиденттердің азаюы есебінен жүрді. Тіпті, 2000 жылы болған сыртқа шығушы резиденттер ағынының күрт өсуі оның ішіндегі туристер санының көбеюіне әкелген жоқ.

Сонымен қатар, елге түсімді көбейтудің және халықты жұмыспен қамтудың стратегиялық маңызы бар көзқарас тұрғысынан алғанда, ішкі және келу бағыттарындағы туристер ағыны, әлі де, ұлттық туризмде аз үлес құрайды, алайда жеткілікті дәрежеде тұрақты, ал келу бағытында баяу, бірақ та оның тұрақты өсуі байқалады.

2000 жылы шекара арқылы заңды түрде өткен адам санының нақты өсуіне қарамастан, ұлттық туризм көлемі 1999 жылмен салыстырғанда 36%-ке күрт төмендегені байқалып отыр, сонымен бірге төмендеу тек сыртқа шығу туризмінде ғана емес, келуші туризмде және ішкі бағыттарында да байқалды. Мұның өзі, туристік қызмет көрсетулердің бағасы қымбат болуымен байланысты.

Сонымен, келу туризміндегі резидент емес келіп-кетушілердің бір бөлігі Қазақстанда болуының басқаша ресми көрсетілетін мақсаттарын пайдалануды тиімді санайды. Сонымен бірге, Қазақстанға шетелдік келіп-кетушілердің көбі ресми

статистика қамтымаған жеке секторлар көрсететін неғұрлым арзан қызметті пайдаланады. Шет елге шығушы резиденттер тарапынан туристік ұйымдардың қызмет көрсетулеріне сұранымның төмендеуі сол себеппен түсіндіріледі. Көрнекі сипатталған жағдай 2-қосымшада көрсетілді.

1996-2000 жылдар кезеңінде туристер қозғалысы жөнінде де және тұтас алғанда, шетел азаматтары мен Қазақстан Республикасы резиденттерінің шекара арқылы қозғалысы жөнінде де теріс сальдо қалыптасты, яғни келушілерге қарағанда сыртқа шығушылар көп болды.

Туристік ұйымдар көрсеткен қызметті пайдаланған, қызмет көрсетілген туристердің жалпы саны 2000 жылы 1999 жылмен салыстырғанда 36%-ке кем - 146 915 адамды құрайды. Оның ішіндегі келу туризмінің үлесі 16,3%, шығу туризмі - 45,8%, ішкі туризм - 37,9%.

1996-1999 жылдары келу туризмінің көлемі ТМД-дан тысқары елдерден келген туристер ағынының көбеюі есебінен қарыштау қарқынымен (орташа есеппен өткен жылға қатынасы бойынша - 25%-ке) ұлғайды. 2000 жылы резидент емес туристердің саны 1999 жылмен салыстырғанда 52,4%-ке төмендеп, олардың үлесі резидент емес келіп-кетушілердің жалпы санының тек 1,42%-ін құрады.

1.1. Қазақстанға шетел азаматтарының келуі

Елдер бойынша келу туризмінің статистикасына жасалған талдау 1996-2000 жылдары ТМД елдерінен келген туристер үлесінің төмендегенін көрсетеді. ТМД-дан келген туристер ағынының көлемі орташа есеппен жылына 2,5 мың адамға ұдайы төмендеуде (1999 жылғы шамалы өсуі 1999 жылдың 4-ші тоқсанында шекара жанындағы өткізу постыларында бақылаудың күшеюі себебімен түсіндіріледі). Мұндай жағдай, көбінесе ТМД ішіндегі қозғалыс кезінде ТМД-ның азаматтары үшін шекараның ашық болуынан туындады.

Қаралып отырған кезеңдегі келу туризмінің құрылымында неғұрлым зор үлесті 1995-1999 жылдардағы саны өткен жылмен 9 салыстырғанда шамамен 1,5 есе артқан алыстағы шет елдерден келген туристер құрады.

2000 жылы туристік ұйымдар көрсеткен қызметті пайдаланған, резидент емес келіп-кетушілердің арасындағы бүкіл саны (23 868 адам), ТМД елдері халқының үлесі 14%-ке жуық, ТМД-дан тысқары елдерден - 86%-ке жуық құрды.

Негізінен, туристік ұйымдар көрсеткен қызметті Ресейден, Қырғызстаннан, Өзбекстаннан, Украинадан, Тәжікстаннан келген резидент емес туристер пайдаланды. ТМД-дан тысқары елдерден резидент емес туристердің неғұрлым зор ағыны Германиядан, АҚШ-тан, Ұлыбританиядан, Франциядан, Жапониядан, Италиядан, Қытайдан, Түркиядан, Австриядан, Нидерландыдан байқалады.

Тұтас алғанда, 2000 жылы Қазақстан Республикасында шамамен 80 елден келген

туристер болды. ТМД елдерінен келген туристердің болу күндерінің орташа саны 4-5 күнді, ал ТМД-нан тысқары елдерден - 17 күнді құрайды. Негізінен, бұлар іскерлік және кәсіби мақсаттармен келген адамдар - 89%.

Статистикалық деректер бойынша бір шетел туристі Қазақстанда өзінің болған уақытында орташа есеппен 700 АҚШ долларын қалдырады.

Келу туризмінің маусымдық сипаты: сәуір және қазан айлары кезеңінде келу туризмі неғұрлым белсенді. Сонымен, келуші туристер жалпы ағынының 75% жылдың 2-ші және 3-ші тоқсандарына келеді.

1.2. Қазақстан азаматтарының шет елге шығуы

1996-2000 жылдары туристік жолдамамен шет елге шығушы резиденттердің саны ұдайы төмендеп отырды. Сыртқа шығу туризмінің төмендеуі, негізінен ТМД-дан тысқары елдерге шығушы туристер санының азаюы есебінен жүрді.

2000 жылы шет елге шыққан қазақстандық азаматтардың үлесі шет елге шыққан резиденттердің жалпы санының тиісінше 5,4% құрады. Қазақстандық туристердің ТМД елдеріне ағыны 12%, ТМД-дан тысқары елдерге - 88% құрады.

ТМД елдеріне шыққан резидент туристердің негізгі қауымы Қырғызстанға және Р е с е й г е б а р д ы .

Туристер арасында ТМД-дан тысқары елдер ішінен Түркия, Германия, Қытай, Біріккен Араб Әмірліктері, Таиланд, Иран елдері неғұрлым танымал.

2000 жылы Қазақстан Республикасының туристері әлемнің 70-ке жуық еліне барып келді. Қазақстандық туристердің ТМД елдерінде болу күндерінің орташа саны 6 күнді, ТМД-дан тысқары елдерде - 7 күнді құрайды. Мұның өзінде, сыртқа шығудың мақсаттары мыналар болып табылады: іскерлік және кәсіби мақсаттар - 73,2%, бос уақытын өткізу және демалу - 16,5%. Сыртқа шығу туризмінде шоп-туризм басым б о л ы п к е л е д і .

Сыртқа шығу туризмінің маусымдық сипаты: сыртқа шығу бағытындағы туристердің неғұрлым зор ағыны жылдың бірінші тоқсанында байқалады - барлық шыққан туристердің 35% құрайды. Алайда, тұтас алғанда сыртқа шығу туризмінің маусымдық тәуелділігі айтарлықтай емес.

1.3. Ішкі туризм

Ішкі туризмнің көлемі 1996-1999 жылдары да ұлғайып отырды. Өсу қарқыны оң болуымен қатар, шамасы бойынша алшақтығы зор. Сонымен, өткен жылдары жылына 12 мың адам деңгейінде болса, 1998 жылы өсу қарқыны күрт баяулап, келесі жылдары жылына 2 мың адамнан сәл ғана асты. 1999 жылмен салыстырғанда 2000 жылы ішкі туризмнің көлемі 23%-ке құлдырады.

Қазақстанда кәсіби мақсат бойынша уақытша тұрып жатқан, бос уақытын жақсы өткізу әрі спортпен шұғылдануды ұйымдастыру жағынан халықтың неғұрлым белсенді бөлігі болып саналатын шетел азаматтары, сондай-ақ әлеуметтік туризм мен жеке туризм ішкі туризмді дамытуда зор әлеует болып табылады.

Сөйтіп, Қазақстанның халықаралық туризмін дамыту іскерлік белсенділікпен айқындалады. Ұзаққа созылмайтын жолсапарға шығушы, бірақ Қазақстанға жеткілікті түрде жиі келуші туристердің санаттары белгілі бір уақыт өткеннен кейін туристік ұйымдардың қызмет көрсетулеріне өтініш жасамайды. 1996-2000 жылдары сыртқа шығу туризмі көлемінің күрт төмендеуі нақ осы себеппен түсіндіріледі (3-қосымша).

1.4. Туристік ұйымдардың қызметінен түсетін жалпы пайда

Туристік ұйымдар көрсеткен қызметтен туристік ұйымдар алған пайда туристік ұйымдар (отандық және шетелдік) мен мемлекет (салық салу және алымдар) арасында бөлінеді. Туристік ұйымдардың қызметіне байланысты бүгінгі күні неғұрлым зор табыс сыртқа шығу туризмі қызметінен түсуде - 77%. Келу туризмі табыс түсіруде зор әлеуетке ие, себебі Қазақстанға келуші туристердің саны аз болуына қарамастан, (туристердің жалпы ағынынан 16,3%) ол туристік ұйымдар қызметінен түскен табыстың 13%-ін құрайды. Ішкі туризммен салыстырғанда, соңғысы туристік ағынның жалпы көлемінің 38%-ін құрай отырып, табыстың 10%-ін түсіреді (N 4 қосымша).

Туристік фирмалардың қызметінен түскен Қазақстан Республикасының табысы туристік ұйымдардың қызметінен түсетін жалпы табыстың 51%-ін құрайды. Ол өзіне отандық туристік ұйымдар алған қаражатты және Қазақстан Республикасында жұмыс істейтін туристік ұйымдар қызметінен түскен салық төлемдері мен алымдарды қамтиды .

Қазақстан Республикасы ең зор табысты туризмнің сыртқа шығу бағытында жұмыс істейтін туристік ұйымдар қызметінен алады (62%-іне жуық), келу туризмі табыстың 24%-ін береді, ішкі туризм табыстың 14,2%-ін құрайды. Бұл ретте, табыстың 63%-не жуық мөлшерін Қазақстан ТМД-дан тысқары елдерге шығу туризмінен және келу туризмінен алады .

Қазақстан Республикасы өз табысының 97%-ін ұлттық валютада, 3%-ін шетел валютасында алады. Барлық валюталық түсім келу туризмі есебінен түседі.

1.5. Туристік ұйымдар

1996-1999 жылдар кезеңінде туристік ұйымдардың саны жылына шамамен 40 кәсіпорынға өсіп отырды. Олардың саны 1999 жылмен салыстырғанда 2000 жылы 62%-ке (265 - ке) өсті .

Статистикалық деректер бойынша 2001 жылдың 1 қаңтарына Қазақстанда 690

туристік ұйым жұмыс істеген.

Туристік рыноктың бүкіл туристік ұйымдарының 93%-і шағын туристік ұйымдар (қызметкерлер саны 50 адамға дейін) немесе 639 туристік ұйым. Олардың ішінде 490-ының қызметкерлер саны 5 адамға дейін ғана шағын туристік ұйымдар.

Шағын туристік ұйымдар ұлттық туризмнің 72%-іне қызмет көрсетеді және республикаға 7,6 млн. АҚШ доллары мөлшерінде (Қазақстан Республикасы туристік ұйымдарының қызметінен түскен бүкіл табыстың 79%) табыс әкеледі.

Орта туристік кәсіпорындар (43, 50-ден 250 адамға дейін) бүкіл туристік кәсіпорындардың тек 6%-ін құрайды. Олардың үлесіне ұлттық туристік ағынның 28%-і, табысының 21%-і, (2,1 млн. АҚШ долл.) келеді.

Қазақстанда небәрі 8 ірі туристік ұйым бар. Олардың қызметі туристік жолдаманың бағасына кірмейтін визалық, экскурсиялық және өзге де қызмет көрсетулерді ұсынуға бағдарланған және де туристердің бүкіл ағынының 0,4%-ін ғана қамтиды. Олардың қызметінен түскен Қазақстан Республикасының табысы 1,72 мың АҚШ долларын (туристік ұйымдардың қызметінен түскен бүкіл табыстың 0,2%) құрайды.

1.6. Облыстар бөлінісіндегі туризмді дамытудың жай-күйі

Қаралып отырған кезең (1998-2000 жылдар) Қазақстан Республикасында туристік ағын көлемінің төмендеуінің жалпы үрдісімен қатар, облыстар бөлінісінде де туристік белсенділіктің құлдырауымен сипатталады (5-қосымша).

2000 жылы іскерлік белсенділіктің артуы есебінен Қазақстандағы туризмнің дәстүрлі орталығы болып табылмайтын Ақтөбе, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Маңғыстау облыстарында (1999 жылмен салыстырғанда) туристік қызметтің шамалы көтерілуі байқалады. Соңғы жылдары, мұндағы туризмнің келу, шығу және ішкі бағыттары дамуының себебі бизнес болып табылады.

Сонымен бір мезгілде Оңтүстік Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Алматы облыстарында, әсіресе Алматы қаласында туристік ағын көлемінің азайғаны байқалады.

Келу туризмінің неғұрлым зор көлемі Астана, Алматы қалаларында, Қарағанды, Шығыс Қазақстан, Алматы, Атырау және Ақтөбе облыстарында байқалады. Бұл ретте, іс жүзінде барлық облыстардағы келу туризмінің негізгі мақсаттары іскерлік және кәсіби мақсаттар (орташа есеппен 100 ден 89 адам) болып табылады. Қазақстанның барлық облыстарында, іс жүзінде резидент емес туристердің болу күндерінің саны 1 күннен аз (Алматы қаласы және Атырау облысын қоспағанда - 4-5 күннен).

Алматы, Астана қалалары, Қарағанды, Павлодар, Алматы, Ақтөбе, Маңғыстау, Жамбыл және Шығыс Қазақстан облыстарында сыртқа шығу туризмі неғұрлым дамыған. Бұл ретте, іскерлік және кәсіби мүдделер (100-ден 73 адам), сондай-ақ бос уақытты өткізу және демалыс (100-ден 16 адам) жолсапардың мақсаты болып

т а б ы л а д ы .

Ішкі туризмнің неғұрлым зор ағыны Астана, Алматы қалаларында, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Батыс Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан және Павлодар облыстарында байқалады.

Қазақстан Республикасында Алматы, Астана қалаларындағы, Шығыс Қазақстан, Қарағанды облыстарындағы туристік бизнес неғұрлым табысты болып табылады.

1.7. Туризмнің инфрақұрылымы

1.7.1. Туристерді орналастыру объектілері

Қазақстан Республикасында туристерді орналастырудың барлығы 311 объектісі бар: оның ішінде санаторийлер - 34, санаторий-профилакторийлер - 11, профилакторийлер - 8, қонақ үйлер - 159, демалыс үйлері - 26, туристік базалар - 17, сауықтыру лагерьлері - 13, мейман үйлері - 12, аңшы үйлері - 10, демалыс аумақтары - 29 жұмыс істеуде. Қонақ үйлердің көпшілігі (149) Алматы, Астана қалаларында, Қарағанды, Шығыс Қазақстан және Оңтүстік Қазақстан облыстарында орналасқан. Олардың 66%-і 50 адамға дейін қызметкерлер саны бар шағын кәсіпкерлік субъектілеріне жатады, 29%-і 51-250 адам қызметкерлер саны бар орта кәсіпкерлік субъектілеріне және тек 5%-і ғана (8 қонақ үй) қызметкерлер саны 250 адамнан астам ірі ұйымдарға жатады.

Қонақ үйдің жалпы санының 87%-і жеке меншікте, ал 9%-і коммуналдық меншікте және 4%-ін шетелдік қатысушылармен бірлесіп құрылған ұйымдар құрайды.

Қонақ үйлердің біржолғы сыйымдылығы 2001 жылдың басына 16 389 орынды құрады, нөмірлердің бүкіл саны 9 124. Алайда, 2000 жылы қонақ үйлер жүктемесі небәрі 20%-ті құрады. Бұл, республикадағы қонақ үйлердің көпшілігінің материалдық-техникалық базасының ескіруімен бірге қонақ үйлер қызметінің табысынан шығысының асуына әкеліп соқты. Мысалы, 2000 жылы мейманхана кешендерін пайдалану шығыны 15,6 мың АҚШ долларын құрады.

Негізгі табыс Ақтөбе, Атырау, Қарағанды, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан облыстарындағы қонақ үй кешендерінен алынды. Басқа аймақтардағы қонақ үйлер шығынға батып жұмыс істеді. Теріс сальдо Астана, Алматы қалаларындағы, Қызылорда, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан облыстарындағы қонақ үйлердің жұмысында қалыптасты. Орналастырудың барлық объектілерінің шығынын айқындайтын шығыстардың негізгі үлесі қызметкерлерге жалақы төлеу, салық төлемі және бюджетке түсетін өзге де төлемдер есебінен құралды. Күрделі және ағымдағы жөндеуге, жабдықтарды сатып алуға жұмсалған шығыстар болмашы үлесін құраған жастар жатақханалары мен таудағы турбазалар бұларға қосылмайды.

Қазақстан Республикасындағы қонақ үйлердің неғұрлым кең таралған санаты болып табылатын мейрамханасы бар қонақ үйлердің қызметі республикада неғұрлым зор

т а б ы с

т а б у д а .

Туристерді орналастырудың барлық қонақ үй емес объектілерінің 75 %-нің жұмысы , негізінен маусымдық сипатта. Алайда, жыл бойғы объектілердің қалған 25%-не қызмет көрсетілген туристер ағынының 94%-і (31 559 адам) келеді, бұл келу және шығу ағындарындағы бүкіл туристердің 40-қа жуық процентін құрайды.

Туристік саланы дамытуға жасалған талдау көпшілігі 50-60 жылдары салынған қонақ үйлер, мейрамханалар және басқа да туристердің тұратын және тамақтану орындары ескіргендіктен, туризм инфрақұрылымының қазіргі жай-күйі дағдарысты деңгейге жетті.

1 . 7 . 2 . К ө л і к

1) Х а л ы қ а р а л ы қ ә у е ж а й л а р

Қазіргі таңда Қазақстанда: уақытша схема бойынша халықаралық әуе тасымалына рұқсаты бар әуежайлар: "Астана халықаралық әуежайы" РМҚ, "Алматы халықаралық әуежайы" ААҚ, "Ақтөбе халықаралық әуежайы" ААҚ, "Ақтау халықаралық әуежайы" ААҚ, "Ақ жол халықаралық әуежайы" ААҚ, "Атырау халықаралық әуежайы" ААҚ, "Әулие ата халықаралық әуежайы" ААҚ, "Семейавиа халықаралық әуежайы" ААҚ, "Сарыарқа халықаралық әуежайы" ААҚ, "Өскемен әуежайы" ААҚ, "Павлодар әуежайы" ААҚ, "Шымкент әуежайы" ААҚ, "Вектор" ЖШС филиалы, "Петропавл әуежайы" ААҚ, " Қ о с т а н а й ә у е ж а й ы " А А Қ .

2) Т е м і р ж о л

Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстанның оңтүстік аймағын Қазақстанның батысымен, орталығымен, солтүстігімен және шығыс бөліктерімен байланыстыратын солтүстіктен оңтүстікке қарай қиып өтетін темір жолдың 3 тармағы бар. Қазақстанның Ресеймен шекаралас солтүстік аймағы темір жолының желісі неғұрлым дамыған. Қазақстанның көршілес 4 елге: Ресейге, Өзбекстанға, Қырғызстанға , Қытайға шығу темір жолы бар.

3) А в т о м о б и л ь ж о л д а р ы

1. Ташкент - Бішкек - Алматы - Қорғас
2. Шымкент - Қызылорда - Ақтөбе - Орал - Самара
3. Алматы - Қарағанды - Петропавл - Челябинск
4. Алматы - Қарағанды - Астана - Қостанай - Челябинск
5. Омбы - Павлодар - Семей - Майқапшағай
6. Астрахань - Атырау - Ақтау - Бекдаш

2001-2005 жылдар кезеңінде жоғарыда аталған автомобиль көлігі дәліздері бойының жол маңы объектілерін және инфрақұрылымын қайта жаңарту, қалпына келтіру және дамыту жөніндегі жобаларды іске асыру көзделеді.

4) П о р т т а р

Қазақстанды Ресейдегі, Түркіменстандағы, Әзербайжандағы және Ирандағы порттармен байланыстыратын Каспий теңізіндегі Ақтау порты.

Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясымен және Қытай Халық Республикасымен ішкі су жолдары қатынасы бар.

Резидент емес туристердің көпшілігі өздерінің саяхаты үшін үлесі 84,8% құрайтын әуе көлігін пайдаланады. Темір жол көлігімен - 7,8%, халықаралық автобустармен - 3,5% және өзге де құрлықтағы құралдармен - 3,8%, су көлігімен - 0,01%-ке жуық турист жүрді. Резидент емес туристердің 70%-і де әуе көлігін пайдаланады. Туристердің қалааралық автобустарда 22%, темір жол көлігінде 7%, басқа да құрлықтағы құралдармен 1% жүрді.

2. Мемлекеттік бағдарламаның мақсаттары мен міндеттері

Туризм саласын дамытудың мемлекеттік саясатын қалыптастыру, тиісті материалдық-техникалық қаржы, ғылыми-әдістемелік, жарнамалық-ақпараттық, нормативтік-құқықтық қамтамасыз етуді жасау жолымен туризм саласындағы қ а т ы н а с т а р д ы р е т т е у .

2.1. Мемлекеттік бағдарламаның негізгі мақсаттары

Қазақстан Республикасында қазақстандық және шетел азаматтарының әртүрлі туристік қызмет көрсетулерге қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін кең мүмкіндіктерді қамтамасыз ететін, қазіргі тиімділігі жоғары және бәсекеге қабілетті туристік кешенді жасау, ұлттық туристік өнімді қалыптастыру, келу және ішкі туризмін басым қолдаудың экономикалық және құқықтық тетіктерін әзірлеу;

тартымды туристік объект ретінде Қазақстанның беделін қалыптастыру; шағын және орта бизнес субъектілеріне қолдау көрсету және олардың қызметі үшін қ о л а й л ы ж а ғ д а й л а р ж а с а у ;

ұлттық туристік өнімнің сапасын әлемдік деңгейге сәйкес қамтамасыз ету; ішкі және келу туризмін басым дамыту үшін жағдайлар жасау;

Қазақстан Республикасында туризмді дамытудың нормативтік-құқықтық базасын, осы саладағы мемлекеттік реттеу тетігін, туристік саланың жарнамалық-ақпараттық, кадрлық, ғылыми қамтамасыз етілуін қалыптастыру, туризмнің инфрақұрылымын д а м ы т у ғ а ж ә р д е м д е с у ;

туризмнің материалдық базасын жетілдіруге жәрдемдесу, жаңа объектілердің құрылысын жандандыру жөніндегі шаралардың кешенін әзірлеу;

туристік қызмет көрсетулердің әлемдік рыногына қазақстандық туристік өнімді жылжыту жөнінде кең ауқымды жарнама науқанын өрістету;

шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту әрі туризм саласы мен қызмет көрсету саласында халықтың жұмыспен қамтылуын ынталандыру;

туристік қызмет көрсетулерді ұсынатын сала субъектілерін инвестициялауға және

қаржыландырудың, несиелендірудің басқа да нысандарына жағдай жасауды
қ а м т а м а с ы з е т у .

2.2. Мемлекеттік бағдарламаның негізгі міндеттері

Туризмде мемлекеттік реттеудің өзгерген әлеуметтік-экономикалық жағдайларға және туристік қызметті жүзеге асыру мақсаттарына, принциптеріне, міндеттеріне сай жаңа көзқарастар жүйесін қамтамасыз ету;

республикалық уәкілетті орган арқылы орталықтандырылған басқаруда, туризм саласында жұмыс істейтін атқарушы органдар мен ұйымдардың өзара іс-қимылын реттеуде мемлекеттің рөлін күшейту;

саланы қолдау мен мемлекеттік реттеудің оңтайлы әдістерін таңдау негізінде туризмді кешенді дамытудың табысты іске асырылуын қамтамасыз ету.

3. Бағдарламаның негізгі бағыттары және оны іске асыру тетігі

3.1. Туристік қызметті мемлекеттік реттеу және қолдау жүйесін дамыту

Осы мақсатта мынадай шараларды іске асыру қажет:

- Қазақстан Республикасының Дүниежүзілік Сауда Ұйымына қосылатынын ескере отырып, халықаралық сауданың мемлекеттік реттелуін туристік қызмет көрсетулермен қамтамасыз ету мәселелері жөнінде нормативтік құқықтық актілердің жобаларын ә з і р л е у ;

- келу және сыртқа шығу туризмін дамыту, көші-қон туралы заңдарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу, виза рәсімдерін оңайлату, шекара бақылауы мәселелері жөніндегі заңдық және өзге де нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеу;

- туризм саласындағы статистикалық есеп және есеп беру жүйесін жетілдіру, оның ішінде саланың мекемелері мен ұйымдары жұмысының қаржылық нәтижелерін сипаттайтын көрсеткіштерді енгізу;

- Дүниежүзілік Туристік Ұйымның ұсыныстарын және БҰҰ-ның Статистикалық комиссиясының шешімдерін ескере отырып, туристік саланың төлем теңгерімін қалыптастырудың әдістемесін жетілдіру жөнінде ұсыныстар дайындау;

- туристік қызмет көрсетулер рыногындағы барлық мамандандырылған өнім өндірушілердің бәсекелесу қабілеті мен тұрақты табысы болуын қамтамасыз ету үшін туристік бизнес рентабельділігінің оңтайлы шегін айқындау мақсатында баға құрау мәселелерін мемлекеттік реттеу саясатын әзірлеу;

- ұлттық туризмнің қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

- Қазақстан Республикасы субъектілерінің туризм саласындағы ынтымақтастық мәселелері бойынша шет елдермен халықаралық шарттарының және келісімдерінің

ж о б а л а р ы н

ә з і р л е у ;

- туристік қызметті стандарттау, сертификаттау мен лицензиялау және туристік объектілердің жұмыс істеуін стандарттау негізінде туристерге қызмет көрсету сапасын арттыру жөніндегі жағдайларды қамтамасыз ету;

- туризм саласында кадрлар даярлау және олардың біліктілігін арттыру жүйесін дамыту ;

- саланы қаржыландырудың, оның ішінде несиелік ресурстарды тарту есебінен қаржыландырудың жеткілікті деңгейін қамтамасыз ету;

- туризм саласында мүдделі министрліктер мен ведомстволар арасында, сондай-ақ мемлекеттік және жеке секторлар арасында үйлестірудің ең жоғарғы деңгейін қамтамасыз ету ;

- туризмдегі халықаралық сақтандыру рыногын дамыту;

- қонақ үйлерді қайта жаңарту бағдарламаларын және оларды стандарттаудың халықаралық жүйесін енгізуді аймақтық деңгейде әзірлеу.

3.2. Қазақстанның мәдени-тарихи және рекреациялық аймақтарын дамыту және сақтау

Осы мақсатта мынадай шараларды іске асыру қажет:

- мәдени-тарихи және табиғи рекреациялық ресурстарды сақтау және ұтымды пайдалану ;

- мемлекеттік туристік көрікті орындарды құру және қорғау;

- қоршаған ортаны қорғау жөніндегі шараларды қамтамасыз ету;

- халықтың әртүрлі әлеуметтік-демографиялық санаттары мен топтары арасында әлеуметтік туризмді дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасау;

- туристік қызметтің ерекшеліктерін ескере отырып, туризм саласындағы меншік қатынастарын тәртіпке келтіру;

- туристік индустрияны дамытудың түйінді мәселелері жөнінде ғылыми-практикалық конференциялар өткізу және халықаралық туристік оқиғаларға қатысу, жыл сайын Ұлттық туристік лотерея ұйымдастыру мен өткізу.

3.3. Маркетинг және Қазақстандық туристік өнімді ұсыну

Осы мақсатта мынадай шараларды іске асыру қажет:

- ұлттық туристік өнімдерді экспорттау стратегиясын әзірлеу;

- туризм саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамыту;

- туристік көрмелерді және басқа да іс-шараларды ұйымдастыру;

- туристік өнімдердің сатылуында прогрессивтік біріздендірілген стандарттарды енгізу ;

- халық арасында туризмнің құндылығын және қоршаған ортаны қорғауды
н а с и х а т т а у ;

- Қазақстан халқының барлық жіктерінің туристік ресурстарға қол жеткізуін
қ а м т а м а с ы з е т у , туристік қызмет көрсетулерге қажеттіліктерді барынша
қ а н а ғ а т т а н д ы р у ;

- Қазақстан Республикасында туризмнің мамандандырылған түрлерін дамытудың
бағдарламаларын әзірлеу (экотуризм, әлеуметтік, балалар және жасөспірімдер,
спорттық-сауықтыру, мәдени-танымдық және т.б.).

- аймақтарда әлеуметтік және жеке туризмді дамытуды қамтамасыз ету;

- ішкі және сыртқы рыноктарға ұлттық туристік өнімнің ұсынылуын
ж а р н а м а л ы қ - а қ п а р а т т ы қ қ а м т а м а с ы з е т у ;

- туризмді дамытудың аймақтық және аймақаралық бағдарламаларын дайындау,
туризмді дамыту бағдарламаларын әзірлеу үшін әдістемелік нұсқаулар мен
ғ ы л ы м и - ж о б а л ы қ н е г і з д е м е л е р д і д а й ы н д а у .

3.4. Ғылыми-техникалық қамтамасыз ету, кадрларды даярлау және туризм қызметкерлерінің біліктілігін көтеру жүйесі

Осы мақсатта мынадай шараларды іске асыру қажет:

- туризм саласында кәсіпкерлерді даярлау және оларды оқыту үшін жоғары оқу
о р ы н д а р ы б а з а с ы н д а т р е н и н г т е р жүргізу;

- жоғары оқу орындарында туризм саласындағы мамандарды даярлау жөніндегі оқу
ж о с п а р л а р ы н б і р і з д е н д і р у .

3.5. Туризм индустриясының материалдық-техникалық базасын дамыту

Осы мақсатта мынадай шараларды іске асыру қажет:

- туристік объектілерді қайта жаңарту мен құрылысын салу үшін отандық және
ш е т е л д і к и н в е с т и ц и я л а р д ы т а р т у ж о л ы м е н туризмнің материалдық-техникалық
б а з а с ы н д а м ы т у д ы ы н т а л а н д ы р у ;

- ұлттық әуе желілерінің бәсекелесу қабілетін көтеру, автомобиль және темір жол
к ө л і к т е р і н д е ж о л а у ш ы л а р д ы т а с ы м а л д а у д ы о д а н ә р і дамыту жөнінде шаралар
қ а б ы л д а у ;

- Қазақстан Республикасының аумағында туристік объектілерді болашақта
о р н а л а с т ы р у д ы ж а н е туристік инфрақұрылымды дамытудың схемаларын әзірлеу;

- туризмді дамытудың нақты аудандарында, атап айтқанда, мемлекеттік ұлттық
т а б и ғ и п а р к т е р д е ж е р д і п а й д а л а н у ж а н е құрылыс салу нормаларының қолданылуын
б а қ ы л а у ;

- туристік қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін ортақ пайдаланымдағы көлік-жол

и н ф р а қ ұ р ы л ы м ы н

д а м ы т у ;

- мейманханалық-сервистік кешенді дамыту және оны әлемдік стандарттарға сәйкес келтіру ;

- ілеспе инфрақұрылымды: сумен, электрмен жабдықтау, кәріз желісі мен

қатты қалдықтарды жоюдың жүйесін, қолда бар және ықтимал туристік аумақтардағы телекоммуникацияларды дамыту;

- туристік кешендердің, этнографиялық мұражайлардың және демалыс аумақтарының желісін құру;

- олардың жыл бойы пайдаланылуын қамтамасыз етуді ескере отырып, туристік объектілерді, оның ішінде орналастырудың орта және шағын құралдарының жобаларын әзірлеу және олардың құрылысын салу.

3.6. Туризмнің қауіпсіздігін қамтамасыз ету

Туризм саласындағы қауіпсіздіктің деңгейін көтерудің мынадай басым бағыттарын белгілеу қажет:

- турист өмірінің және денсаулығының қауіпсіздігі;

- туризмдегі сақтандыру рыногын дамыту;

- тұтынушылардың құқықтарын қорғау;

- өрт қауіпсіздігі;

- орналасу мен тамақтану орындарындағы қауіпсіздік;

- көліктегі қауіпсіздік;

- топтар жетекшілерінің, экскурсия жүргізушілерінің, жолбасшылардың, әдістемеші-нұсқаушылардың жұмыстарын ұйымдастыру кезінде олардың қауіпсіздігін туроператорлар мен туристік агенттердің қамтамасыз етуі;

- туристік ортаны қорғау және сақтау;

- қорғау және қауіпсіздік мәселелері жөніндегі ақпарат;

- ұйымдастырылған қылмысқа және терроршылдыққа қарсы күрес;

- келіп-кетушілерді және жергілікті халықты қорғауды және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етудің жергілікті жүйесін құру.

3.7. Туристік саланы ақпараттық қамтамасыз ету

О с ы м а қ с а т т а :

- Қазақстан Республикасының табиғи және мәдени-тарихи әлеуетін неғұрлым тиімді пайдалану мақсатында интерактивті геоақпараттық жүйенің негізінде туристік

рыноктың жай-күйіне және оны дамытудың болжамына кешенді талдау жасалуын
ә з і р л е у ;

- көліктік жолдарды, инженерлік және инфрақұрылымдық объектілерді бірге ала
отырып, елдің аймақтары бойынша туристі индустрияны аумақтық аймақтарға бөлудің
м о д е л і н ә з і р л е у ;

- туристік ұйыммен көрсетілген қызметіне электрондық брондауды ұйымдастыру
және электрондық төлемдерді енгізу жөнінде шаралар жүйесін әзірлеу;

- туризммен сабақтас салалардың барлығына интерактивті геоақпараттық жүйені
енгізу арқылы туризмді басқаруды жетілдіру қажет.

4. Бағдарламаны іске асыруға арналған негізгі техникалық-экономикалық шарттар

Саладағы біртұтас ақпараттық кеңістік жүйесін дамыту;
республика туристік индустриясының тұрақты дамуын қамтамасыз ететін, бірінші
кезектегі жүйе құраушы туристік өнімдерді және туристік объектілерді әзірлеу және
і с к е а с ы р у ;

сала ішіндегі секторлар бойынша сапасы және саны аспектілерінде туризмді
дамытудың аймақтық бағдарламаларын әзірлеу;

аймақтар бойынша саланы дамытудың қажетті қарқынына сәйкес
инвестициялардың оңтайлы көлемдерін бағалау;

жүйе құраушы туристік объектілердің сервистік инфрақұрылымын құру және оны
і с к е а с ы р у ;

тұтынушыға ұлттық туристік өнімді ұсынудың барлық сатысын қамтитын көп
арналы маркетинг жүйесін жасау.

5. Туризм саласындағы халықаралық ынтымақтастық

Қазақстан Республикасы Дүниежүзілік Туристік Ұйымның мүшесі ретінде туризм
саласындағы әртүрлі халықаралық бастамаға қатысушы болып табылады. Қазақстан
Дүниежүзілік Туристік Ұйымның "Ұлы Жібек Жолы" халықаралық туристік жобасына
қ а т ы с у д а .

Туризм саласындағы халықаралық ынтымақтастық, сондай-ақ шет мемлекеттермен
келісім жасасу арқылы да жүзеге асырылады. Қазіргі уақытта туризм саласында
ынтымақтастық туралы жиырмаға жуық халықаралық келісім қолданылуда. Сонымен
қатар, Малайзия, Испания Корольдігі, Мальта, Француз Республикасы, Катар
Мемлекеті, Чех Республикасы, Швейцария Конфедерациясы сияқты мемлекеттермен
ынтымақтастық туралы екіжақты келісімдер жасау мәселелері қаралуда. Бұл ретте
келісімдердің бірқатары Қазақстанды туристік әлеуеті мол болашақ әріптес ретінде

танып отырған шет мемлекеттердің бастамасы бойынша жасалды.

Жоспарланып отырған халықаралық туристік (халықаралық келісімдердің жасалуын талап ететін) жобалар:

- Ежелгі Түркі Елдері (Қазақстан - Түркия - Ресей - Монғолия - Қытай) халықаралық туристік жобасын әзірлеу;

- шетел инвестицияларын тарту арқылы жүйе құраушы туристік объектілерді (халықаралық деңгейдегі туристік кешендерді) дамыту;

- Қазақстанда тұрақты өткізілетін Халықаралық ұлттық спорт түрлерінің олимпиадасын ұйымдастыру;

- Дүниежүзілік Туристік Ұйыммен, Қазақстандық Туристік Ассоциациямен, Қазақстанның жоғары оқу орындарымен және халықаралық білім беру мекемелерімен бірлесіп, республикалық туристік ақпараттық орталық жанында Орталық Азия Туристік сала кадрларын кәсіптік даярлау орталығын құру және ұйымдастыру;

- елшіліктермен, өнеркәсіп-сауда палаталарымен және шет елдердің халық кәсіпшілігі ассоциацияларымен бірлесіп, тұрақты жұмыс істейтін бірлескен халық кәсіпшілігі және өнер жәрмеңкесін - Этнографиялық Базарын өткізу.

6. Мемлекеттік бағдарламаны қаржыландырудың көздері

Мемлекеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар тиісті жылға арналған республикалық және жергілікті бюджеттерде ұсынылатын қаражат және Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен және шегінде жүзеге асырылады.

Бағдарламаны іске асыру республикалық бюджет қаражатынан 2001 жылы - 26 111 мың теңге, 2002 жылы - 26 111 мың теңге көлемінде қаржыландыруды талап етеді.

Мемлекеттік бағдарламаны іске асыруға қажетті келесі жылдарға арналған мемлекеттік бюджет қаражатынан қаржыландыру сомасы "Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 сәуірдегі Z990357_ Заңына сәйкес тиісті қаржы жылына арналған бюджетті қалыптастыру кезінде анықталатын болады.

6.1. Басқаруды ұйымдастыру және мемлекеттік бағдарламаның іске асырылуын бақылауды қамтамасыз ету

Мемлекеттік бағдарламаның іске асырылуын басқару мен бақылауды қамтамасыз етуді ұйымдастыруды қолданылып жүрген заңдық нормативтік құқықтық актілерге және әдістемелік құжаттарға сәйкес барлық мүдделі министрліктермен және ведомстволармен, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдерімен бірлесіп, туризм саласындағы мемлекеттік уәкілетті орган жүзеге асырады.

7. Бағдарламаны енгізуден күтілетін нәтиже

Мемлекеттік бағдарламаны іске асыру барысында ішкі және келу бағыттарындағы туристердің жалпы ағынының 2001 жылы 80 мың адамнан 2005 жылы 150 мың адамға дейін тұрақты өсуін қамтамасыз ету көзделуде, бұл ретте оның орташа есеппен жыл сайын 17 500 адамға өсуі күтілуде.

Келу туризмінің көлемін 2001 жылы 24 мың адамнан 2005 жылдың аяғына 60 мың адамға дейін көбейту болжанып отыр. Бұл ретте екі бағытта да туристердің жалпы саны ішінде келу туризмі үлесінің 2001 жылы 30%-тен келесі жылдары 40%-ке дейін артатыны стратегиялық тұрғыдан алғанда маңызды болып табылады. Келу туризмі көлемінің өсуі жылына 7 мың адамды құрайтын болады.

Сондай-ақ, ішкі туризмнің көлемі де 2001 жылғы 56 мың адамнан 2005 жылы 90 мың адамға дейін көбейеді. Ішкі бағыттағы туристер ағынының жыл сайынғы өсуі 10 500 адамды құрайтын болады (N 6 қосымша).

Мемлекеттік бағдарламаны іске асырудың тиімділігі 2001-2005 жылдарға арналған болжамды көрсеткіштер бойынша есептелінеді.

Бір шетел турисі өзінің болуы кезінде бюджетке орташа есеппен 700 АҚШ долларын әкелсе, онда келу туризмінен бюджеттің жыл сайынғы толықтырылуы мыналарды құрайды:

- 2001 жылы - 16,8 млн. АҚШ доллары;
- 2002 жылы - 27,3 млн. АҚШ доллары;
- 2003 жылы - 32,2 млн. АҚШ доллары;
- 2004 жылы - 37,1 млн. АҚШ доллары;
- 2005 жылы - 42 млн. АҚШ доллары.

Келу туризмінен 2001-2005 жылдар кезеңінде бюджетке түсімінің жиыны 155,4 миллион АҚШ долларын құрайтын болады.

Әлемдік практикада бір шетел турисіне қызмет көрсетуден 9 жұмыс орны құрылатынын ескерсек, онда туризмде және онымен сабақтас салаларда келу туризмі есебінен әлеуметтік жұмыспен қамтуға - 2001 жылы 216 мың, 2002 жылы - жұмыс орны 351 мың, 2003 жылы - жұмыс орны 414 мың, 2004 жылы жұмыс орны 477 мың, 2005 жылы - жұмыс орны 540 мың ықтимал жұмыс орындарымен қамтуға қолдау көрсетіледі.

Жалдау бойынша алынған қызметкерлердің орташа жалақысы жылына шамамен 20%-ке өсуі ескеріліп (немесе нақты көрінісінде 6%-ке), келу туризмі көлемінің ұлғаюы арқасында жұмыспен қамтылған халықтың табысы өсе түседі (N 7 қосымша).

Мемлекеттік бағдарламаның іске асырылуы республикалық бюджетке едәуір түсім

т ү с у і н

қ а м т а м а с ы з

е т е д і .

Осы кезеңде "Жолсапарлар" бабы бойынша төлем теңгерімінің тапшылығын жою көзделуде .

Мемлекеттік бағдарламада әзірленген шаралар туризмнің ішкі рыногындағы және шет елден туристер ағынының бұдан әрі ұлғаюына жәрдемдеседі және түпкі нәтижесінде, халықаралық кәсіпкерлік және іскерлік ынтымақтастық салалары сияқты ұлттық туристік өнімнің тартымдылығының едәуір артуына жеткізеді.

Қазақстан Республикасында

туризмді дамытудың 2001-2005
жылдарға арналған мемлекеттік
бағдарламасына 1-қосымша

Қазақстан Республикасындағы ұлттық туризм

(қа ғ а з м ә т і н н е н қ а р а ң ы з) .

Қазақстан Республикасында

туризмді дамытудың 2001-2005
жылдарға арналған мемлекеттік
бағдарламасына 2-қосымша

Сыртқа шығу туризмі

1996 1997 1998 1999 2000

Шет елге шыққан ҚР резиденттерінің (ТТО-на шығушы азаматтардың

санын қоспағанда) саны

олардың ішінде туристер 418039 174071 145716 106078 67360

(туристік ұйымдардың
көрсететін қызметтерін
және олардың қарамағын.
дағы кемпинг қонақ
үйлері мен өзге де
тұратын орындарын
пайдаланғандары)

сыртқа шығушылардың 79,97% 41,50% 29,01% 26,61% 5,40%
жалпы санына %-пен

Келу туризмі

1996 ж. 1997 ж. 1998 ж. 1999 ж. 2000 ж.

ҚР-на келген резидент 202050 284346 256752 393602 1682548

емес келіп-кетушілердің
(ТТО-на кеткен азамат.
тардың санын қоспағанда)
саны

олардың ішінде туристер 23498 27683 34542 50154 23868

(туристік ұйымдардың
көрсететін қызметтерін
және олардың қарамағын.
дағы кемпинг қонақ
үйлері мен өзге де
тұратын орындарын
пайдаланғандары)

- келгендердің жалпы 11,63% 9,74% 13,45% 12,74% 1,42%
санына %-пен

Ішкі туризм

1996 ж. 1997 ж. 1998 ж. 1999 ж. 2000 ж.

Ішкі туризм 45871 58667 60806 72088 55687

Қазақстан Республикасында

туризмді дамытудың 2001-2005
жылдарға арналған мемлекеттік
бағдарламасына 3-қосымша

Қазақстанға шет ел азаматтарының келуі

! Қызмет көрсетілген туристер мен экскурсанттар,
! адам
! !

!1995 ж.! 1996 ж.!1997 ж.! 1998 ж.!1999 ж.! 2000 ж.

Келу туризмі 20272 23498 27683 34542 50154 23868
ТМД 12506 10360 7254 4861 5796 3266
Әлемнің басқа бөлігі 7766 13138 20429 29681 44358 20602

Қазақстан азаматтарының шет елге шығуы

! Қызмет көрсетілген туристер мен экскурсанттар
! !

!1995 ж.! 1996 ж.!1997 ж.! 1998 ж.!1999 ж.! 2000 ж.

Сыртқа шығу туризмі 123699 418039 174071 145716 106078 67360
ТМД 8766 4000 6749 2562 3904 8027
Әлемнің басқа бөлігі 114933 412248 167322 143154 102174 59333

Ішкі туризм

	! Қызмет көрсетілген туристер мен экскурсанттар					
	!					
	!1995 ж.! 1996 ж.!1997 ж.! 1998 ж.!1999 ж.! 2000 ж.					
Ішкі туризм	98063	45871	58667	60806	72088	55687

Қазақстан Республикасында

туризмді дамытудың 2001-2005
жылдарға арналған мемлекеттік
бағдарламасына 4-қосымша

Туристік фирмалардың қызметінен түскен жалпы пайда

млн. АҚШ	!Туристік ұйым.	!Туристік	!Туристік ұйымдарға	!Туристік ұйым.
доллары	!дар қызметінен	!ұйымдар	! қаражаттың	!дар қызметінен
	!құралған табыс	!алған	! аударылғаны	!түскен ҚР-ның
	!(жолдаманың құ.	!барлық	!_____	!табысы (турис.
	!ны + жолдама	!қаражат	!Басқа мем.	!Отандық
	!тік ұйымдар	!бағасына кір.	!	!лекеттер.
	!ұйым.	!алған барлық	!	!алған барлық
	!мейтін визалық,!	!дегі тур.	!дарға	!қаражат - бас.
	!экскурсиялық	!	!фирмаларға!	!қа мемлекет.
	!және өзге де	!	!	!тердің турфир.
	!қызмет көрсету.!	!	!	!малары аудар.
	!лердің құны)	!	!	!ған қаражат)

Барлығы 16,0 12,0 3,8 3,9 8,3

Келу
туризмі 2,1 2,0 0,0 0,1 2,0

Сыртқа шығу туризмі	12,3	8,0	3,8	3,4	5,1
Ішкі туризм	1,6	1,2	0,0	0,4	1,2

Қазақстан Республикасында

туризмді дамытудың 2001-2005 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына 5-қосымша

Облыстар және Алматы мен Астана қалалары бөлінісіндегі

туризмді дамытудың жай-күйі

! Қызмет көрсетілген туристер мен экскурсанттар

!

! 1998 ж. ! 1999 ж. ! 2000 ж. ! 2000 ж., %

!

Қазақстан Республикасы	241064	228320	146915	100,00%
Ақмола	322	4375	252	0,21%
Ақтөбе	2894	1877	2373	1,94%
Алматы	19685	13039	3721	3,05%
Атырау	1046	582	343	0,28%
Шығыс Қазақстан	9898	7950	8961	7,34%
Жамбыл	968	2078	2002	1,64%
Батыс Қазақстан	3439	2142	3377	2,77%
Қарағанды	10837	6910	12070	9,89%
Қостанай	1187	3972	503	0,41%
Қызылорда	599	138	388	0,32%

Маңғыстау	2406	1133	2412	1,98%
Павлодар	4998	4578	4132	3,39%
Солтүстік Қазақстан	7164	2310	120	0,10%
Оңтүстік Қазақстан	8406	5198	1567	1,28%
Астана қаласы	48534	69619	34307	28,12%
Алматы қаласы	118681	102419	70387	57,69%

Қазақстан Республикасында

туризмді дамытудың 2001-2005
жылдарға арналған мемлекеттік
бағдарламасына 6-қосымша

Ішкі және келу туризмі көлемінің ұлғаюы

(қағаз мәтіннен қараңыз).

Қазақстан Республикасында

туризмді дамытудың 2001-2005
жылдарға арналған мемлекеттік
бағдарламасына 7-қосымша

Жұмыспен қамтылған халықтың табысы көбеюінің болжамы

! 2001 ж. ! 2002 ж. ! 2003 ж. ! 2004 ж. ! 2005 ж.

Жалданып жұмыс	100 АҚШ	106 АҚШ	112,4 АҚШ	119 АҚШ	125 АҚШ
----------------	---------	---------	-----------	---------	---------

істейтін қызметкер. долл. долл. долл. долл. долл.
лердің орташа
жалақысы

Жұмыспен қамтылған 21,6 млн. 37,2 млн. 46,5 млн. 56,8 млн. 67,5 млн.
халықтың табысының долл. долл. долл. долл. долл.
көбеюі

Мамандар:

Багарова Ж.А.,
Қасымбеков Б.А.